

Н.Н. Хасенова^{1*} , А.М. Казамбаева² ¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қ., 090000, Қазақстан Республикасы*e-mail: kh.banu1386@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДА КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Андатпа

Мақалада Қазақстандағы креативті экономиканы дамытудың бүгінгі мен болашағы туралы маңызды мәселе зерттеледі, оның ел имиджін қалыптастыру және оның қоғамдық өмірдің әртүрлі аспектілеріне әсері контекстіндегі маңыздылығы талданған. Осы саладағы бизнес субъектілерінің санын талдауға сүйене отырып, мақалада оны дамыту үшін стратегиялық шешімдердің де қажет екендігі айтылған. Сонымен қатар мақала креативті экономиканың даму бағытын зерттеп, оны жетілдіруге қатысты ұсыныстар топтамасын қамтиды, соның ішінде Қазақстандағы креативті экономиканы дамытудың өзекті аспектілерін көрсетеді. Зерттеу бизнес субъектілерінің санын талдауды, зияткерлік еңбектің рөлін, сондай-ақ креативті экономиканың ғылыми және инновациялық процестерге әсерін қамтиды. Мақалада халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығына назар аударып, творчестволық еркіндікті ынталандыру, кәсіпкерлікті қолдау және қолайлы инновациялық орта құру сияқты ұсыныстар ұсынылады. Сондай-ақ мақала нақты шараларды ұсынып отырып және алға қойылған мақсаттарға жету үшін маңызды қадамдарды қарастырған және Қазақстандағы креативті экономиканың даму перспективаларына кешенді көзқарас ұсынады. Қорытындылай келе, мақалада Қазақстандағы креативті индустрияларды дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспарлары талқыланады және ЖІӨ-ге салымның ұлғаюы, жұмыспен қамтудың өсуі және осы саладағы кәсіпкерліктің дамуы сияқты негізгі көрсеткіштерге талдау жасалған.

Негізгі сөздер: креативті экономика, экономикалық өсу, мәдени салалар, инновация, инвестициялар.

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемдік экономикада барған сайын инновациялар мен творчестволық өсуге бағытталған және бәсекеге қабілеттіліктің негізгі көзі болып табылатын креативті салаларды дамытуға белсенді ұмтылуда. Жоғары технологиялар мен шығармашылықтың тоғысында тұрған креативтік экономиканы дамытуға баса назар аудару – дамыған елдердің жалпы ішкі өнімінің өсіміне айтарлықтай үлес қосуда.

Креативтік экономика – ең алдымен ғылыми-зерттеулердегі, бизнес, өнер мәдениет салаларындағы жаңа, ерекше идеялар мен тың ойларды материализациялау үшін білім экономикасының жетістіктерін қолданады. Қазақстан сияқты қарқынды дамып келе жатқан экономикасы бар ел бұл жаһандық үрдістен тыс қалмайды [1]. Себебі қазіргі таңда жаһандық экономика инновация мен шығармашылық өсуге бағытталып, бәсекеге қабілеттіліктің басты көздерінің бірі ретінде креативті салаларды дамытуға ерекше назар аударуда. Креативті экономика әлемдегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде жаңа идеялар мен шешімдер ұсынады, сонымен қатар инновациялар мен технологиялық жетістіктерді арттыру арқылы экономика мен қоғамды ілгерілетеді.

Қазақстан үшін креативті экономиканы дамытудың өзектілігі бірнеше аспектілерде көрінеді. Біріншіден, креативті салалар жаңа жұмыс орындарын құру, инновацияларды ынталандыру және инвестицияларды тарту арқылы экономикалық өсудің қозғаушы күші бола алады. Екіншіден, олар білімнің жақсаруына және адами капиталдың дамуына ықпал етеді, бұл экономиканың ұзақ мерзімді тұрақтылығы үшін маңызды [2]. Сонымен қоса жаңа индустрияларды құруға, дәстүрлі өнім түрлерін шығарудың өсуіне ықпал етуге, өнеркәсіптік процестерді жаңғыртуға, өндірісті қайта құрылымдауға жәрдемдесуге, мәдени

туризм үшін жаңа нарықтар мен "жұмсақ" инфрақұрылымдар құруға мүмкіндік береді. Бұл бағыт елде креативті экономика білім мен мәдениет салаларының өсуіне, экономикалық мүмкіндіктерді арттыруға ықпал ететін маңызды фактор ретінде қарастырылуда. Сондықтан да осы бағыттағы зерттеулерде креативті индустриялар еліміздің экономикалық дамуына оң ықпал етіп, жаңа жұмыс орындарын құру, мәдени және әлеуметтік байланыстарды нығайтуға мүмкіндіктер береді деп ойлаймыз.

Креативтік секторларды дамыту сонымен қатар әлемдік аренада елдің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді, туристер мен инвесторларды тартады, сондай-ақ мәдени мұраны сақтауға және ілгерілетуге ықпал етеді. Осы аспектілерді ескере отырып, креативті экономиканы дамыту стратегиясы Қазақстанда тұрақты және әртүрлі экономикалық өсуге қол жеткізу жөніндегі ұлттық бағдарламаның ажырамас бөлігіне айналады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Үш негізгі аспектіні қамтиды. Бірінші бағытта соңғы жылдары креативті индустриялар саласында болған заманауи жаһандық тәжірибелер мен өзгерістер қарастырылды және креативті индустриялар талданды. Екінші бағыт шеңберінде Қазақстан Республикасында креативті экономиканың дамуына әсер ететін институционалдық факторларға зерттеу жүргізілді. Бұл бағыттың әдістемесі теориялық және әдіснамалық шолуды, талдауды, факторлық талдауды және жіктеуді қамтиды. Үшінші бағыт Қазақстан Республикасында креативті индустриялардың дамуына тежеуші немесе ықпал ететін факторларды анықтауға бағытталған.

Сонымен қатар креативті индустрияларды бағалау саласындағы өзекті теориялық тәсілдер мен тұжырымдамаларға әдеби шолу жасалынды. Креативті индустриялардағы әлемдік тәжірибелер мен трендтер зерделеніп, соңғы жылдардағы негізгі өзгерістер анықталып, Қазақстандағы креативті индустриялардың ел экономикасының дамуына әсері талданды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Креативті экономика – бұл жаңа технологиялардың дамуын және қолданыстағы технологияларды жетілдіруді ынталандыратын инновацияның қозғаушы күші. Инновациялық идеялар көбінесе проблемалардың стандартты емес шешімдерін ұсына алатын креативті ойлаудан туындайды. Сонымен қатар креативті экономикада инновациялық индустриялар мен стартаптар жұмыс орындарын құруда, инвестицияларды тартуда және экономикалық өсуді ынталандыруда маңызды рөл атқарады [3].

Сондай-ақ креативті тәсілдер инновациялық шешімдерді ұсына отырып, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық қиындықтар сияқты күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

«Креатив экономикасы» терминін алғаш рет Джон Хокинс өзінің мақаласында пайдаланды, ол бұл салаға жарнама, архитектура, сән әлемін, кино, музыка, радио, баспа қызметін және т.б. жатқызды және бұл қызмет түрлері шығармашылықты талап ететіндіктен, «творчестволық индустрия» деген атауға ие болды [4].

Қазіргі таңда креативті индустрия ел экономикасын басқаларға танытуда маңызды рөл атқарады және біздің өміріміздің әртүрлі аспектілеріне терең әсер етеді [5].

Креатив экономикасын зерттеудің және оны дамытудың келесі себептерін атап өтуге болады, олар:

- Интеллектуалды еңбек және интеллектуалды меншіктің құндылығының өсуіне негіз болады;
- Мәдениет саласында ғылымның, инновацияның, жаңа технологиялардың дамуына жол ашады;
- Интеллектуалды еңбектің негізінде жалпы экономиканың дамуына негіз болады, соның ішінде авторлық құқық, сауда маркасы, патент сияқты ұғымдар креатив индустриясын дамытады;

- Осы саладағы мамандар санының өсуіне және жаңа жұмыс орындарының ашылуына себепші болады;

- Креатив индустриясына инвестиция тарту арқылы осы саладан түсетін табысты өсіруге негіз болады [6].

Шетелдік тәжірибені ескере отырып, креативті экономиканы дамытуды келесі шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асыруға болады:

- Жеке тұлғалардың толық еркіндігін қалыптастыру, яғни шығармашылық қызметте шектеулердің болмауы;

- Кәсіпкерлік қауымдастықты дамыту және оған қолдау көрсетуді дамыту;

- Инновациялық қызметтің дамуына қолайлы интитуционалдық ортаны қалыптастыру;

- Креативті экономиканың дамуына ұлттық саясат ретінде қарау. Себебі әрбір елдің бірегей тарихы бар, сондай-ақ алуан түрлі мәдени мұрасы бар, бұл тарихты басқа елдерге танытудың өзі елге табыс әкелуі мүмкін [7].

Қазіргі таңда креативті экономикасы жақсы дамыған елдердің қатарына Жапония, АҚШ, Оңтүстік Корея және Қытай елдерін жатқызуға болады.

Жапонияда креативті салаларды дамыту Үкіметтің Ұлттық экономикалық стратегиясы мен экономикалық саясатының маңызды бөлігі болып табылады [8]. Оңтүстік Кореяның тәжірибесінде креативті экономиканы дамыту 2013 жылы қабылданған даму тұжырымдамасының негізінде жүзеге асырылды және ол ұлттық идея дәрежесінде ұйымдастырылды [9]. АҚШ-да креативті экономиканың дамуын креативті индустрияны қаржыландыру шараларын ұйымдастырумен түсіндіреді, оған жататындар ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындарды жүйелі жұмсап отыру [10].

Бүгінде Азия елдерінде де креативті сектордың дамуына Қытай Халық Республикасы (ҚХР) креативті индустриялар мен инновациялық стартаптарға белсенді инвестиция салып, сол арқылы халықаралық аренада өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруына елеулі үлес қосуда. 2015 жылы ҚХР-ң креативті экономикадан түскен жалпы табысы ол 196,4 миллиард долларды құрады [11].

Ресей елінде креативті индустриялардың түскен табыс ЖІӨ-нің 2,4% құрап отыр, бұл әлемдік орташа мәнге жақын, бірақ көшбасшы елдердің көрсеткішінен едәуір төмен. Ресейдегі мұндай жағдай бұл саланы реттейтін заңнаманың жоқтығынан туындап отыр, сол себепті «шығармашылық индустриялар» ұғымы ресми түрде бекітілмеген. Бұл жағдайлардың барлығы осы саланың дамуын едәуір қиындатты, инфрақұрылым құруды және талдау құралдарын қалыптастыруды баяулатты деп айтуға болады. 2021 жылдың қыркүйегінде Ресей Федерациясының Үкіметі шығармашылық индустрияларды дамыту туралы тұжырымдаманы қабылдады және ол 2030 жылға дейінгі мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру тетіктерін белгілеп берді. Бұл туралы бұйрық шығарылып, онда саланың дамуын құқықтық тұрғыдан едәуір жеңілдетуге мүмкіндік беретін негізгі ережелер бекітілген [12].

Әлемдік экономикадағы қалыптасқан креативті экономикалық ахуалды ескере отырып, Қазақстан нарығына талдау жасайтын болсақ, бұл сала Қазақстан экономикасының басқа да салалары сияқты болашағы бар бағыттың бірі деп айтуға болады. 2021 жылы Креативті индустрияларды дамытудың 2021 - 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Мұнда 3 индикаторды негізге алады, олар:

- креативтік индустриялардың ел экономикасына қосар үлесін 2025 жылға қарай 3%-ға дейін ұлғайту: 2021 жылы - 3,14%, 2025 жылы - 5,0%;

- креативтік индустрия салаларында жұмыспен қамту деңгейін 4 %-ға дейін ұлғайту: 2021 жылы - 3,6%, 2025 жылы - 4,0%;

- креативтік индустриялардағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер санының 1,5 есеге өсуі: 2021 жылы - 53000, 2025 жылы – 80000 дана [13].

Енді осы индикаторлардың қазіргі экономикадағы көрсеткіштерін қарастырып көрейік. 1-кесте Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) динамикасы мен креативті экономиканың ел экономикасындағы рөлін көрсетеді. 2018-2023 жылдар аралығындағы деректерді талдай отырып, бірнеше маңызды үрдістерді байқауға болады.

2018 жылы ЖІӨ көлемі 61 819,5 млрд теңге болса, 2023 жылы ол 119 808,0 млрд теңгеге дейін өскен. Бұл кезең ішінде ЖІӨ-де тұрақты өсу байқалады, әсіресе 2021 жылдан бастап айтарлықтай жылдамдықпен арта бастаған. Бұл жалпы экономикалық белсенділіктің артқанын және экономикалық жағдайдың жақсарғанын көрсетеді.

Креативті экономикадан түскен табыс 2018 жылы 989,6 млрд теңгеден 2023 жылы 4250,1 млрд теңгеге дейін өскен, яғни 4 есе арту байқалады. Бұл Қазақстанда креативті секторға деген қызығушылықтың және оның әлеуетінің айтарлықтай өскенін білдіреді.

2018 жылы креативті экономиканың ЖІӨ-дегі үлесі 1,7% болса, 2023 жылы ол 3,5%-ке дейін артқан. Бұл көрсеткіш осы сектордың экономикалық дамудағы рөлінің күшейгенін білдіреді. Креативті экономика үлесінің өсуі Қазақстанның экономикасының әртараптандырылуын және дәстүрлі емес секторлардың үлесін арттыруға бағытталған саясаттың табысты орындалып жатқанын көрсетеді.

Креативті экономиканың үлесінің өсуі аз болсада ЖІӨ-нің өсіміне ықпал етеді. Сонымен қатар, креативті экономикадан түскен табыстың өсуі инновациялық және мәдени қызметтердің дамуына, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, және жастарды экономикалық процеске тартуға оң әсер етеді деп ойлаймыз.

Кесте 1 – ЖІӨ динамикасы және креативті экономиканың рөлі

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
ЖІӨ, млрд. теңге	61 819,5	69 532,6	70 649,0	83 951,5	103 765,0	119 808,0
Креативті экономикадан түскен табыс көлемі, млрд. теңге	989,6	1222,8	1375,3	2307,3	2965,0	4250,1
Креативті экономикадан түскен табыс көлемінің ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі, %	1,7	1,8	2,0	2,8	2,9	3,5
Ескерту: [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған.						

2-кестеде 2018-2023 жылдар аралығындағы креативті индустрия салалары бойынша қызмет түрлерінен түскен табыстың динамикасы көрсетілген. Әртүрлі секторлардың табыстарының өзгерісіне қарап, креативті индустрияның Қазақстан экономикасындағы дамуын айтуға болады.

Кино өндірісі, телевизиялық бағдарламалар, фонограмма және музыкалық жазбалар саласында 2018 жылдан 2023 жылға дейін бұл салада табыс динамикасы тұрақты өскен, әсіресе 2022-2023 жылдары айтарлықтай жоғарылаған. Бұл көрсеткіш креативті контент өндірісінің қоғамда үлкен сұранысқа ие болғанын және оның экономикалық әлеуетін білдіреді. Бағдарлама және телевизия-радио хабарлама жасақтау бойынша қызмет саласында табыстың тұрақты өсімі байқалады, әсіресе 2023 жылы 127,7 млрд теңгеге жеткен. Радио және телевизия саласына сұраныстың тұрақтылығы мен технологиялық даму оның табысына оң әсер етуде.

Көрсеткіштер компьютерлік бағдарламалау саласының қарқынды өсіп жатқанын көрсетеді, 2018 жылғы 209,1 млрд теңгеден 2023 жылы 1 089,7 млрд теңгеге дейін өскен. Бұл саладағы үлкен өсім Қазақстанның ақпараттық технологиялар саласында жоғары бәсекеге қабілетті екенін көрсетеді. Ақпараттық қызметтер саласында да табыстың тұрақты өсуі байқалады. 2021 жылы 221,3 млрд теңге болған бұл сала 2023 жылы 471,5 млрд теңгеге

жетті. Ақпараттық қызметтерге сұраныстың артуы сандық трансформация мен деректерге негізделген экономикаға ауысуды көрсетеді.

Жарнама және нарықты зерттеу қызметтерінің табысы да тұрақты өсіп, 2023 жылы 913,2 млрд теңгені құрады. Бұл сала тұтынушылық нарықта белсенділік пен жаңа бизнестердің пайда болуымен байланысты. Өнер және ойын-сауық саласының табысы жыл сайын өсіп, 2023 жылы 124,5 млрд теңгеге жетті. Бұл мәдениетке және ойын-сауыққа сұраныстың артқанын көрсетеді. Мәдени қызмет көрсету мекемелері де тұрақты өсім көрсетіп келеді. 2023 жылы бұл саладағы табыс 109,1 млрд теңгеге жетті, бұл мәдениетті қолдауға деген қызығушылықтың артып жатқанын көрсетеді.

Құмар ойындары мен бәс тігуді ұйымдастыру қызметі саласындағы табыс 2018-2023 жылдар аралығында біршама құбылмалы болған. 2021 жылы табыстың күрт өсуі байқалғанымен, 2023 жылы біршама төмендеген. Мұндай өзгерістер нормативтік реттеу және сұраныс деңгейімен түсіндіріледі.

Спорт саласындағы табыс та тұрақты түрде өсіп келеді. 2018 жылы 176,4 млрд теңге болса, 2023 жылы 813,2 млрд теңгеге жетті. Бұл саланың танымалдылығының және инфрақұрылымдық дамуының белгісі.

Жалпы креативті индустрияның әртүрлі салаларындағы табыстың артуы Қазақстанда креативті сектордың маңызды экономикалық күшке айналғанын көрсетеді. Әсіресе, компьютерлік бағдарламалау, жарнамалық қызметтер және спорт саласы айтарлықтай үлес қосуда. Бұл трендтер креативті индустрияның Қазақстан экономикасын әртараптандыруға және оның инновациялық дамуын қолдауға маңызды үлес қосатынын көрсетеді.

Кесте 2 – Креативті индустрия бойынша қызмет түрлерінен түскен табыс динамикасы, млрд. Тенге

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Кино өндірісі, телевизиялық бағдарламалар, фонограмма және музыкалық жазбалар жасақтау	53,9	57,0	31,2	38,5	76,3	103,4
Бағдарлама және телевизия-радио хабарлама жасақтау бойынша қызмет	66,2	77,9	77,8	84,7	84,8	127,7
Компьютерлік бағдарламалау	209,1	277,7	356,5	515,1	671,4	1 089,7
Ақпараттық қызметтердің жұмысы	116,9	162,3	254,1	221,3	264,2	471,5
Жарнамалық қызмет және нарық құрылымын зерттеу	215,5	262,6	225,5	342,4	475,9	913,2
Өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет	56,1	53,1	43,9	55,1	67,3	124,5
Кітапхана, мұрағат, мұражайлар және басқа да мәдени қызмет көрсету мекемелерінің қызметі	44,5	52,7	57,8	61,6	91,9	109,1
Құмар ойындары мен бәс тігуді ұйымдастыру қызметі	18,0	13,6	89,7	501,2	572,1	417,2
Спорт саласындағы қызмет	176,4	223,5	188,5	421,4	601,5	813,2
Компьютерлер, тұрмыстық бұйымдар және жеке тұтыну заттарын жөндеу	33,2	42,4	50,4	66,0	59,6	80,7
Барлығы	989,6	1222,8	1375,3	2307,3	2965,0	4250,1
Ескерту: [15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған.						

3-кесте 2018-2023 жылдар аралығындағы өнер, ойын-сауық, демалыс, ақпарат және байланыс саласында халықты жұмыспен қамту динамикасын көрсетеді. Осы көрсеткіштерді талдау бірнеше негізгі үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді. Көрсеткіштерден байқалғандай, жалпы жұмыспен қамтылған халық саны 2018 жылғы 8 695

мың адамнан 2023 жылы 9 081,92 мың адамға дейін өскен. Бұл Қазақстандағы экономикалық жағдайдың тұрақтылығын және жұмыс орындарының артып жатқанын көрсетеді.

Өнер, ойын-сауық, демалыс, ақпарат және байланыс саласындағы жұмыспен қамту: 2018 жылы осы салаларда 311 мың адам жұмыс істесе, 2023 жылы бұл сан 327,2 мың адамға дейін өскен. Бұл сектордың қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтудың тұрақтылығын көрсетеді, әсіресе соңғы жылдары қайтадан өсу үрдісі байқалған.

2018 және 2023 жылдар аралығында өнер, ойын-сауық, демалыс, ақпарат және байланыс саласындағы жұмыспен қамтылған халықтың жалпы жұмыспен қамтылғандарға қатынасы тұрақты түрде 3,3%-3,6% аралығында қалыптасты. 2023 жылы бұл көрсеткіш 3,6%-ға жеткен, бұл саладағы жұмыспен қамту үлесінің алдыңғы жылдардағы көрсеткіштерге қарағанда біршама жақсарғанын білдіреді.

Өнер, ойын-сауық, демалыс, ақпарат және байланыс саласы халықты жұмыспен қамтудың тұрақты көзі болып табылады. Осы салаларда жұмыспен қамтудың тұрақтылығы және үлесінің біршама өсуі бұл сектордың экономикалық маңызын және болашақта дамуға әлеуеті бар екенін көрсетеді. Жұмыспен қамту көрсеткіштерінің өсуі және саладағы жұмыспен қамту үлесінің артуы осы сектордың әлеуметтік маңыздылығын да айқындайды.

Кесте 3 – Өнер, ойын-сауық, демалыс, ақпарат және байланыс саласындағы халықты жұмыспен қамту динамикасы


Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Жұмыспен қамтылған халық саны, мың адам	8695	8781	8732	8807	8843	9081,92
Өнер, ойын-сауық, демалыс ақпарат пен байланс саласында қызмет етіп жүрген халықтың саны, мың адам	311	302	297	295	303	327,2
Өнер, ойын-сауық, демалыс ақпарат пен байланс саласында қызмет етіп жүрген халықтың барлық жұмыспен қамтылған адамдар санына қатынасы, %	3,6	3,4	3,4	3,3	3,4	3,6
Ескерту: [15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған.						

Креативтік индустрияларды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес 2023 жылы креативтік индустрия саласындағы жұмыспен қамтуды 3,8% - ға жеткізу жоспарланған, нақты көрсеткіш 0,2% - ға орындалмаған, яғни бұл көрсеткіш жақсы, қанағаттанарлық деп айтуға болады.

1-суреттен 2018 жылдан 2023 жылға дейінгі өнер, ойын-сауық және демалыс саласында тіркелген заңды тұлғалардың санының динамикасын көрсетеді. 2018 жылы 6 460 бірліктен басталып, 2023 жылы 7 978 бірлікке дейін өсу байқалады. Бұл көрсеткіш осы салада тіркелген заңды тұлғалардың санының тұрақты түрде өсіп жатқанын және Қазақстанда өнер, ойын-сауық және демалыс салаларына деген сұраныстың артып келе жатқанын білдіреді.

Әр жыл сайын шамамен тұрақты өсім байқалады, бұл салада жаңа кәсіпорындар мен ұйымдардың пайда болып жатқанын көрсетеді. Ең үлкен өсім 2022-2023 жылдар арасында байқалады, бұл саладағы инвестициялар мен бизнес белсенділігінің артуымен түсіндірілуі мүмкін.

Тіркелген заңды тұлғалардың көбеюі осы саладағы экономикалық әлеуеттің жоғары екенін және жаңа мүмкіндіктердің ашылып жатқанын көрсетеді. Бұл көрсеткіш Қазақстанның экономикасында өнер, ойын-сауық және демалыс саласының рөлінің артқанын айқындайды.



Сурет 1 – Өнер, ойын-сауық және демалыс бойынша тіркелген заңды тұлғалар, бірлік

Ескерту: [16] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Жалпы Қазақстанда өнер, ойын-сауық және демалыс саласындағы бизнес және заңды тұлғалардың саны жылдан-жылға артып келеді. Бұл саланың экономикалық және әлеуметтік маңыздылығының артуы мүмкін. Әрі қарай бұл салаға қолдау көрсету ел экономикасын әртараптандыруға және халықтың бос уақытын ұйымдастыруға оң әсерін тигізеді. Креативті экономика жаңа технологиялармен бірге дамып, жаңа идеяларды жүзеге асыруға бағытталған инновацияларды ынталандырады. Бұл тек экономикалық көрсеткіштерді ғана жақсартумен шектелмей, ел имиджін нығайтуға, туризмді дамытуға және халықаралық инвестицияларды тартуға да ықпал етеді. Қазақстанның әлемдік аренада бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында креативті секторды дамыту маңызды. Осыған байланысты, елдегі білім беру, мәдениет және өнер салаларында креативті әлеуетті дамыту қажеттігі туындап отыр.

Сол себепті де креативті экономика саласын дамытудың келесі бағыттарын қарастырамыз:

1. Креативті индустрияны дамыту көбінесе шағын бизнестен басталады. Мемлекет осы салада шағын және орта кәсіпорындарды құруға және дамытуға жәрдемдесу арқылы жаңа жұмыс орындарын ашып, әлеуметтік жағдайды жақсартуға мүмкіндік алады. Бұл қаржылық қолдау бағдарламаларын, білім беру ресурстарына кедергісіз қол жеткізуді және инновацияларды қолдауды қамтиды [17].

2. Креативті индустриялар творчестволық және кәсіби дағдыларға өте тәуелді болғандықтан, өнер мен мәдениет саласындағы білім беру жүйесін белсенді дамыту қажет. Мамандандырылған білім беру бағдарламалары мен курстарын құру кадрлардың біліктілігін едәуір арттырып, индустрияның өсуіне ықпал етеді [18].

3. Креативті индустриялардағы инновацияларды қолдау елдің Даму стратегиясының негізгі элементтерінің бірі болуы керек деп ойлаймыз. Бұл стартап-инкубаторларды ұйымдастыруды, ғылыми-зерттеу жобаларының конкурстарын өткізуді және өнер мен ойын-сауық саласындағы инновациялық идеяларға гранттар беру сияқты шараларды қамтиды [19].

4. Қазақстанда креативті индустрияларды дамыту халықаралық ынтымақтастықтан айтарлықтай пайда көруді қалыптастыру. Халықаралық мәдени және шығармашылық

жобаларға белсенді қатысу, тәжірибе және ресурстармен алмасу шетелде қазақстандық мәдениет пен өнердің назарын аударуға ықпал етеді [20].

Бұл бағыттар осы саладағы тұрақты және инновациялық өсуді қолдай отырып, креативті индустрияларды дамыту негіз бола алады.

Қорытынды

Жалпы бүгінгі таңда креативті экономикаға инвестицияларды тарта отырып, Қазақстанның дамуындағы басты факторлардың біріне айналдыруға әбден болады. Бұл саланың дамуы ЖІӨ-нің ұлғаюына, халықты жұмыспен қамтудың өсуіне және шағын және орта кәсіпкерліктің осы салаларда артуына себепші бола алады деп айта аламыз. Креативтік индустрияларды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасында ұсынылған негізгі мақсаттар анық болғандықтан және оларға қол жеткізу шараларда нақты анықталған. Мемлекет тарапынан белсенді қолдауды, кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдайлар жасауды және мәдениет пен өнер саласындағы инновацияларды ынталандыруды жүзеге асыру қажет. Себебі бұл сала Қазақстанның болашақтағы даму бағыттарының бірі бола алтындығының айқын дәлелі екендігін көрсетеді.

Сол себепті Қазақстанда креативті экономика саласында шағын және орта бизнесті дамытудың келесідей механизмін ұсынамыз:

- шығармашылық саладағы стартаптар үшін гранттар мен жеңілдіктер беру, сондай-ақ шығармашылық жобаларға инвестиция салуға ықпал ететін қаржы жүйесін құру;

- білім беру мекемелеріне шығармашылық дағдылар мен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған курстар мен бағдарламаларды енгізу;

- заманауи технологиялар мен ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін креативті кәсіпкерлер үшін технологиялық парктер мен инкубаторларды дамыту және мемлекеттік қолдауды жетілдіру;

- кәсіпкерлер, суретшілер мен техниктер кездесіп, идеялар алмасып, жобаларды жүзеге асыра алатын орталықтар құру;

- Қазақстандық мәдениетті шетелде ілгерілету және креативті инвесторлардың назарын аудару үшін халықаралық фестивальдерге, көрмелерге және мәдени алмасуларға белсенді қатысу.

Осы іс-шараларды кешенді іске асыру арқылы Қазақстан инновацияларға, жұмыспен қамтудың өсуіне және қоғамдық әл-ауқаттың жақсаруына ықпал ететін тұрақты және серпінді креативті экономика құра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Пилипенко Е.Н., Жумагали Б. Креативная экономика: некоторые аспекты теории и казахстанской практики. Вестник Московского университета имени С. Ю. Витте. Серия 1: Экономика и управление. №1 (32). — 2020. [Электронный ресурс] — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kreativnaya-ekonomika-nekotorye-aspekty-teorii-i-kazahstanskoy-praktiki> (дата обращения 16.08.2020).

2 Новикова С.К. Креативная экономика как драйвер роста: мировой и российский опыт. Новые технологии. — 2019. №2. [Электронный ресурс] — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kreativnaya-ekonomika-kak-drayver-rosta-mirovoy-i-rossiyskiy-opyt> (дата обращения 14.06.2019).

3 Wardana, L., Ahmad, A., Indrawati, A., Maula, F., Mahendra, A., Fatihin, M., Rahma, A., Nafisa, A., Putri, A., Narmaditya, B. (2022). Do digital literacy and business sustainability matter for a creative economy? The role of entrepreneurial attitude. *Heliyon*. 9 p. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2022.e12763>.

4 Howkins, John. (2002). The Creative Economy: How People Make Money from Ideas. Available at — URL: https://www.researchgate.net/publication/247822555_The_Creative_Economy_How_People_Make_Money_from_Ideas (accessed: 14.06.2019).

5 Rosyadi, S., Kusuma, A., Fitrah, E., Pimoljinda, Th. (2021). Barriers of public policy faced by SMEs of the creative economy in Indonesia Emerald Insight. *International Journal of Law and Management*. 653 p. <https://doi.org/10.1108/IJLMA-02-2020-0061>.

6 Рязанова О.Е., Леонтьева Л.С., Орлова Л.Н., Золотарева В.П. Креативная экономика: учебное пособие. Издательство Кнорус: — 2022. — 32 с.

- 7 Parshukova, Galina & Riazantseva, Inna. (2021) Creative economy: regional government tasks. SHS Web of Conferences. P. 1-5 <https://doi.org/10.1051/shsconf/20219401010>
- 8 Doric, Zarko. (2020) Creative economy: Exploring the concept and European perspective. Skola biznisa. 2020. 79 p. <https://doi.org/10.5937/skolbiz2-28894>
- 9 Zhuparova, A., & Mukusheva, A. (2021) Development of the creative sector in Kazakhstan. Journal of Economic Research & Amp; Business Administration, 137(3). P. 67–76 <https://doi.org/10.26577/be.2021.v137.i3.07>
- 10 Corbo, Leonardo, Mahassel, Shadi, Ferraris, Alberto. (2020) Translational mechanisms in business model design: introducing the continuous validation framework. Management Decision. 53 p. <https://doi.org/10.1108/MD-10-2019-1488>.
- 11 Bai L., Wei Y., Wei G., Li X., Zhang S. (2020) Infectious disease pandemic and permanent volatility of international stock markets: A long-term perspective. Finance Research Letters, P. 101-709. <https://doi.org/https://doi.org/10.1016/j.frl.2020.101709>
- 12 Santoso S., (2020) Optimizing access to financial capital of creative economy for startups towards global competitiveness, Business Economic, Communication, and Social Sciences (BECOSS) Journal 2 (2) P.181–189 <https://doi.org/10.21512/becossjournal.v2i2.6246>
- 13 Креативті индустрияларды дамытудың 2021 - 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 860 қаулысы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000860/links> (қаралу уақыты: 20.05.2022)
- 14 Көрсетілген қызметтердің нақты көлемі, олардың түрлері 1998-2023 жж. бойынша ЭҚЖЖ 2007 ж. сәйкес. [Электрондық ресурс] — URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-service/dynamic-tables/> (қаралу уақыты: 20.05.2022)
- 15 Қызмет түрлері бойынша 2018-2023 жж. негізгі көрсеткіштер. [Электрондық ресурс] — URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-service/dynamic-tables> (қаралу уақыты: 20.05.2022)
- 16 Экономика салалары бойынша ҚР тіркелген заңды тұлғалар саны 1999-2023 жж. көрсеткіштер. [Электрондық ресурс] — URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-service/dynamic-tables> (қаралу уақыты: 20.05.2022)
- 17 Логунцова И.В. Особенности креативной экономики Китая. Государственное управление. Электронный вестник. — №98. — 2023. — 106 с. <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-kreativnoy-ekonomiki-kitaya>
- 18 Дербина Ю.С., Кужутова А.Ю., Боркова Е.А. Креативная экономика: развитие в России. Экономика и бизнес: теория и практика. — №5 — 2022. — 404 с. <https://cyberleninka.ru/article/n/kreativnaya-ekonomika-razvitiye-v-rossii/>
- 19 Кулмаганбетова А.С., Тлесова Э.Б., Жуматаева А.Р., Сауранова М.М. Состояние развития креативных индустрий в Республике Казахстан. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің Жаршысы. — №4(53). —2023. — Б. 35-43
- 20 Темербулатова Ж.С., Жупарова А.С., Нусюпаева А.А. Статистика в области креативных индустрий: обзор методологических основ. Экономика: стратегия и практика. — №15(4) — 2020. — С. 132-140 <https://esp.ieconom.kz/jour/article/view/241>

СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье исследуется важный вопрос о настоящем и будущем развития креативной экономики в Казахстане, проанализирована ее значимость в контексте формирования имиджа страны и ее влияния на различные аспекты общественной жизни. Исходя из анализа количества субъектов бизнеса в данной сфере, в статье отмечается, что для его развития необходимы стратегические решения. Кроме того, статья содержит пакет предложений по изучению направления развития креативной экономики и ее совершенствованию, в том числе отражает актуальные аспекты развития креативной экономики в Казахстане. Исследование включает анализ численности субъектов бизнеса, роль интеллектуального труда, а также влияние креативной экономики на научные и инновационные процессы. В статье представлены такие предложения, как поощрение творческой свободы, поддержка предпринимательства и создание благоприятной инновационной среды с акцентом на важность международного сотрудничества. Статья также предлагает комплексный подход к перспективам развития креативной экономики в Казахстане, предлагая конкретные предложения и рассматривая важные шаги для достижения поставленных целей. В заключение в статье обсуждаются планы развития креативных индустрий в Казахстане до 2025 года и анализируются такие ключевые показатели, как увеличение вложений в ВВП, рост занятости и развитие предпринимательства в этой сфере.

Ключевые слова: креативная экономика, экономический рост, культурные отрасли, инновации, инвестиции.

THE STATE AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT OF THE CREATIVE ECONOMY IN KAZAKHSTAN

Abstract

The article examines the important issue of the present and future development of the creative economy in Kazakhstan and analyzes its importance in the context of the formation of the country's image and its impact on various aspects of public life. Based on the analysis of the number of business entities in this area, the article notes that strategic decisions are needed for its development. In addition, the article contains a package of proposals for studying the direction of development of the creative economy and its improvement, including reflecting current aspects of the development of the creative economy in Kazakhstan. The study includes an analysis of the number of business entities, the role of intellectual labor, as well as the impact of the creative economy on scientific and innovative processes. The article presents proposals such as encouraging creative freedom, supporting entrepreneurship, and creating a favorable innovation environment with an emphasis on the importance of international cooperation. The article also offers a comprehensive approach to the prospects for the development of the creative economy in Kazakhstan, offering specific proposals and considering important steps to achieve the goals set. In conclusion, the article discusses plans for the development of creative industries in Kazakhstan until 2025 and analyzes key indicators such as increased investments in GDP, employment growth, and entrepreneurship development in this area.

Key words: creative economy, economic growth, cultural industries, innovations, investments.

REFERENCES

- 1 Pilipenko E.N., Jumagali Y. Kreativnaia ekonomika: nekotorye aspekty teorii i kazhstanskoi praktiki. Vestnik Moskovskogo universiteta imeni S. Iu. Vitte. Seria 1: Ekonomika i upravlenie. №1 (32). 2020. Available at: — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kreativnaya-ekonomika-nekotorye-aspekty-teorii-i-kazhstanskoy-praktiki> [in Russian] (accessed:16.08.2020).
- 2 Novikova S.K. Kreativnaia ekonomika kak draiver rosta: mirovoi i rosiski opyt. Novye tehnologii. — 2019. №2. Available at: — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kreativnaya-ekonomika-kak-drayver-rosta-mirovoy-i-rossiyskiy-opyt> [in Russian] (accessed: 14.06.2019).
- 3 Wardana, L., Ahmad, A., Indrawati, A., Maula, F., Mahendra, A., Fatihin, M., Rahma, A., Nafisa, A., Putri, A., Narmaditya, B. (2022). Do digital literacy and business sustainability matter for a creative economy? The role of entrepreneurial attitude. Heliyon. 9 p. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2022.e12763>. [in English]
- 4 Howkins, John. (2002). The Creative Economy: How People Make Money from Ideas. Available at: — URL: https://www.researchgate.net/publication/247822555_The_Creative_Economy_How_People_Make_Money_from_Ideas [in English] (accessed: 14.06.2019).
- 5 Rosyadi, S., Kusuma, A., Fitrah, E., Pimoljinda, Th. (2021). Barriers of public policy faced by SMEs of the creative economy in Indonesia Emerald Insight. International Journal of Law and Management. 653 p. <https://doi.org/10.1108/IJLMA-02-2020-0061> [in English]
- 6 Rāzanova O. E., Leonteva L. S., Orlova L.N., Zolotareva V.P. Kreativnaia ekonomika: uchebnoe posobie. Izdatelstvo Knorus: 2022. 32 p. [in Russian]
- 7 Parshukova, Galina & Riazantseva, Inna. (2021) Creative economy: regional government tasks. SHS Web of Conferences. P. 1-5 <https://doi.org/10.1051/shsconf/20219401010> [in English]
- 8 Doric, Zarko. (2020) Creative economy: Exploring the concept and European perspective. Skola biznisa. 2020. 79 p. <https://doi.org/10.5937/skolbiz2-28894> [in English]
- 9 Zhuparova, A., & Mukusheva, A. (2021) Development of the creative sector in Kazakhstan. Journal of Economic Research & Amp; Business Administration, 137(3). P. 67–76 <https://doi.org/10.26577/be.2021.v137.i3.07> [in English]
- 10 Corbo, Leonardo, Mahassel, Shadi, Ferraris, Alberto. (2020) Translational mechanisms in business model design: introducing the continuous validation framework. Management Decision. 53 p. <https://doi.org/10.1108/MD-10-2019-1488> [in English]
- 11 Bai L., Wei Y., Wei G., Li X., Zhang S. (2020) Infectious disease pandemic and permanent volatility of international stock markets: A long-term perspective. Finance Research Letters. P. 101-709. <https://doi.org/https://doi.org/10.1016/j.frl.2020.101709> [in English]
- 12 Santoso S., (2020) Optimizing access to the financial capital of creative economy for startups towards global competitiveness, Business Economic, Communication, and Social Sciences (BECOSS) Journal 2 (2) P.181–189 <https://doi.org/10.21512/becossjournal.v2i2.6246> [in English]
- 13 Kreativті industrialardy damytudyń 2021-2025 jylдарға арналған тўжырымдамасы [Concept for the development of creative industries for 2021-2025]. Qazaqstan Respublikasy Ūkmetiniń 2021 jylғы 30 qaraşadaғы № 860 qaulysy. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000860/links> [in Kazakh] (accessed: 20.05.2022)

- 14 Körsetilgen qyzmetterdiń naqty kölemi, olardıń türleri 1998-2023 jj [The actual volume of services provided, their types in 1998-2023. in accordance with the EDF 2007]. boıynsha EQJJ 2007 j. säikes. Available at: — URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-service/dynamic-tables/> [in Kazakh] (accessed: 20.05.2022)
- 15 Qyzmet türleri boıynsha 2018-2023 jj [By type of activity for 2018-2023. the main indicators]. Negizgi körsetkışter. Available at: — URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-service/dynamic-tables> [in Kazakh] (accessed: 20.05.2022)
- 16 Ekonomika salalary boıynsha QR tirkelgen zańdy tülğalar sany 1999-2023 jj. körsetkışter [Number of registered legal entities in the Republic of Kazakhstan by economic sectors in 1999-2023. indications]. Available at: — URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-service/dynamic-tables> [in Kazakh] (accessed: 20.05.2022)
- 17 Logunsova İrina Văcheslavovna. Osobenosti kreativnoi ekonomiki Kitaia [Features of China's Creative Economy]. Gosudarstvennoe upravlenie. Elektronnyi vestnik. №98. 2023. 106 p. <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-kreativnoy-ekonomiki-kitaya/> [in Russian]
- 18 Derbina İ. S., Kujutova A. İ., Borkova E. A. Kreativnaia ekonomika: razvitie v Rosii [Creative economy: development in Russia]. Ekonomika i biznes: teoria i praktika. №5. 2022. 404 p. <https://cyberleninka.ru/article/n/kreativnaya-ekonomika-razvitie-v-rossii/> [in Russian]
- 19 Kulmaganbetova A.S., Tlesova E.B., Jumataeva A.R., Sauranova M.M. Sostoianie razvitia kreativnyh industrii v Respublike Kazakhstan The state of development of creative industries in the Republic of Kazakhstan]. Qazaq ekonomika, qarij jańe halyqaralyq sauda universitetiniń Jarıssy. №4(53). 2023. P. 35-43 [in Russian]
- 20 Temerbulatova J.S., Juparova A.S., Nusıpaeva A.A. Statistika v oblasti kreativnyh industrii: obzor metodologicheskikh osnov [Statistics in the field of creative industries: an overview of the methodological foundations]. Ekonomika: strategiya i praktika. №15(4). 2020. P. 132-140 <https://esp.ieconom.kz/jour/article/view/241> [in Russian]

Information about authors:

Nurbanu Khassenova – **corresponding author**, doctoral student of the Department of “Economics and Entrepreneurship”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: kh.banu1386@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-4363-4946>

Aigul Kazambayeva – candidate of economic sciences, associate professor, Head of the Center for Technological Development, West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan, Uralsk, Republic of Kazakhstan

E-mail: aigul_km@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-4227>

Информация об авторах:

Нурбану Хасенова – **основной автор**, докторант кафедры «Экономика и предпринимательство», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: kh.banu1386@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-4363-4946>

Айгуль Казамбаева – кандидат экономических наук, доцент, Руководитель Центра технологического развития, Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, г. Уральск, Республика Казахстан

E-mail: aigul_km@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-4227>

Авторлар туралы ақпарат:

Нурбану Хасенова – **негізгі автор**, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының докторанты, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kh.banu1386@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-4363-4946>

Айгуль Казамбаева – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Технологиялық даму орталығының басшысы, Орал қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aigul_km@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-4227>